

8. Мүгедектерді санаторлы-курорттық емделумен қамту үшін қандай құжаттар қажет?

Мүгедектер не олардың жазбаша келісімімен басқа адам, сондай-ақ мүгедек балалардың заңды өкілдері (бұдан әрі – өтініш беруші) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес санаторий-курорттық емдеуді ұсынуға өтініш (бұдан әрі – өтініш) береді.

Өтінішке мынадай құжаттар:

- 1) өтініш берушінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 2) мүгедек балалар үшін – жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі және оның заңды өкілінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) жеке сәйкестендіру нөмірінің көшірмесі – жеке басын куәландыратын құжатта жеке сәйкестендіру нөмірі болмаған жағдайда;
- 4) денсаулық сақтау ұйымы берген санаторий-курорттық картаның көшірмесі;
- 5) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжатты (мекенжай анықтамасын не селолық және/немесе ауылдық әкімдердің анықтамасын);
- 6) мүгедектігі туралы анықтаманың көшірмесі және ОЖБ-дан үзінді көшірме;
- 7) мүгедектің жазбаша келісімімен басқа адам өтініш бергенде – оның жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

7. Санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз етуге қажетті құжаттар жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне салыстырып тексеру үшін түпнұсқаларда және көшірмелерде ұсынылады. Салыстырылып тексерілгеннен кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің мамандары құжаттардың көшірмелерін куәландырады және оларды іске қосып қалыптастырады.

Барлық қажетті құжаттар болған жағдайда жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі өтініш берушіге санаторий-курорттық емдеуді ұсынуға құжаттарды ресімдеу туралы хабарлама жібереді.